

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 14 қазандағы N 11-Ө бұйрығымен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жарналарының есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа" өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті төрағасының 2000 жылғы 29 ақпандағы N 14-Ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 17 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1133. Күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 маусымдағы N 153 (V042953) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Z970136 _ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, жинақтаушы зейнетақы қорларындағы жинақталған зейнетақы қаражатының есебін құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 14 қазандағы N 11-Ө V970414_ бұйрығымен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жарналарының есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа" мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Нұсқаулықтың атауындағы "жарналарының" сөзі "жинақталған қаражатының" сөздеріне ауыстырылсын.

2. 1-бөлімдегі бірінші азат жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақталған зейнетақы қаражатының есебін тиісті түрде қамсыздандыру мақсатында жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі - Қор) әрбір салымшысына (алушысына) дербес зейнетақы шоты (бұдан әрі - ДЗШ) ашылуы тиіс. Зейнетақы шарты ДЗШ ашуға негіз болып табылады. Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы шарттарының болуына тәуелсіз, олардың атына бірінші зейнетақы жарнасының түсуіне қарай өзінің салымшыларына дербес зейнетақы шоттарын ашуға құқылы".

1-бөлім мынадай мазмұндағы азат жолдармен толықтырылсын:

"Қор ашылған ДЗШ тіркеу кітабін ақпараттың сақталуы жөніндегі

талаптарды сақтай отырып жүргізуге құқылы".

"Қор салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарын автоматтандырылған ақпарат жүйесінің мәліметтер базасының электронды өткізушілерінде жүргізеді."

3. 2-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"Салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоты "Салымдар мен пайлар" 503 баланстық шотында "Алушының қорына салымдар" деген 503000 қосымша шотын аша отырып ашылады. Салымшыларға (алушыларға) дербес зейнетақы шоты зейнетақы жарналарының түрлеріне қарай бөлек ашылады (1-міндетті зейнетақы жарналары, 2-ерікті зейнетақы жарналары).

Автоматтандырылған ақпарат жүйесінің мәліметтер базасында әрбір салымшы(алушы) бойынша әлеуметтік дербес коды мен басқа да қосымша мәліметтер көрсетіледі.

Түсетін зейнетақы жарналарының, жинақталған зейнетақы қаражатының, ағымдағы зейнетақы төлемдерінің есебін жүргізу және инвестициялық кірісті есептеу шартты өлшемнің құнын күн сайын есептеумен және дербес зейнетақы шоттарындағы шартты өлшемнің санын есептеу жолымен жүзеге асырылады".

4. "Салымшылардың(алушылардың) дербес зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жарналары мен есептелген инвестициялық кірістің есебін жүргізу" деген 3 - б ө л і м д е г і :

бірінші азат жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының есебін зейнетақы активтеріне шартты өлшеммен күн сайын қайта баға беру жолымен және салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарындағы шартты өлшемнің санын есептеумен жүргізіледі";

екінші азат жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Шартты өлшем - зейнетақы активтері құнының зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін сипаттайтын жеке мөлшері."

Төртінші азат жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қор күн сайын шартты өлшемнің құны туралы жазба жүргізілуін және ақпараттың сақталуын жүзеге асырады. Қор шартты өлшемнің құны бойынша салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы ретінде есептелген зейнетақы активтерінің құнын ЗҚБК-мен бір айда бір реттен кем емес салыстыра тексеру жүргізеді";

- бесінші азат жол алынып тасталсын;

- сегізінші азат жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Салымшы (алушы) зейнетақы шартын басқа жинақтаушы зейнетақы қорымен жасасқанда, Қор салымшының (алушының) өтініші бойынша дербес зейнетақы шотындағы шартты өлшемнің санын шартты өлшемнің ағымдағы

құны бойынша теңгеге айналдырып қайта санайды, жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударым жасауды жүзеге асырады және дербес зейнетақы шотын жабады";

тоғызыншы азат жолдағы "Ауыстырумен байланысты салымшымен (алушымен) зейнетақы шарты жасасылған жағдайда" деген сөздер "басқа жинақтаушы зейнетақы қорынан жинақталған зейнетақы қаражатының аударымы түскен кезде" деген сөздер "салымшыға/алушыға ашылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы азат жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Зейнетақы төлемдерін, мұрагерге жинақталған зейнетақы қаражатының төлемдерін, жерлеуге төлемдерді жүзеге асырғанда Қор салымшының (алушының) дербес зейнетақы шотындағы шартты өлшемнің санын шартты өлшемнің ағымдағы құны бойынша теңгеге айналдырып қайта санайды, төлемдерді жүзеге асырады және жинақталған зейнетақы қаражатының жүзеге асырылған төлемнің сомасына азайғандығын дербес зейнетақы шотында көрсетеді";

он бірінші азат жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк шотынан ақша аудару (аудару, төлем, алып қою) салымшының (алушының) дербес зейнетақы шоты жабылғаннан кейін дербес зейнетақы шотын жапқан күнді қоса алғанда үш банктік күн ішінде жүргізіледі";

он екінші азат жол алынып тасталсын.

5. "Алушылардың дербес зейнетақы шоттарын жабу тәртібі" деген 4-бөлімдегі:

екінші азат жолдағы "жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға ауыстыру туралы немесе Қазақстан Республикасынан тысқары жерге тұрақты тұруға кеткен кезде" деген сөздер алынып тасталсын; "алушы қайтыс болғанда" деген сөздерден кейін "және мұрагерлер жинақталған зейнетақы қаражатын алып қойғанда" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші азат жолдағы екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Сонымен бірге автоматтандырылған ақпарат жүйесінің мәліметтер базасында дербес зейнетақы шотының жабылғаны туралы белгі жасалады";

төртінші және бесінші азат жолдар алынып тасталсын;

жетінші азат жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Салымшымен (алушымен) бұзылған зейнетақы шартының шегінде зейнетақы жарналары бойынша қарыз түскенде Қор түскен соманы түсуінің себебін көрсетіп, түскен соманы шартты өлшемнің санына қайта есептей отырып, дербес қосымша шот ашып 503 баланстық шотқа есептейді. Алушының өтініші бойынша қор басқа қорға жеке шоттағы қалдықты төлейді немесе аударды және оны жабады";

- сегізінші азат жол алынып тасталсын.

6. Мынадай мазмұндағы 5-бөліммен "Зейнетақы активтерінің құнының шартты өлшемінің құнының есебі" толықтырылсын:

"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқарудың бірінші күні шартты өлшемнің құны 100 (жүз) теңгеге тең деп қабылданады. Одан кейінгі күндері шартты өлшемнің ағымдағы құны мынадай формуламен есептеледі:

$$U_t = U_{t-1} * 1 + \left[\frac{ID}{PAt-1+C-B+Trin - TR out - Rout} \right]$$

м ұ н д а

U_t - шартты өлшемнің ағымдағы құны;

U_{t-1} - шартты өлшемнің құнының есебін жасаған күннен бір күн бұрынғы ш а р т т ы ө л ш е м н і ң қ ұ н ы ;

ID - комиссиялық сыйақыны алып тастағандағы қаржылық құралдарға таратылған зейнетақы активтерінен есептелген табыс деп анықталатын есептелген ағымдағы инвестициялық табыс. Инвестициялық кіріс, сондай-ақ зейнетақы активтерін тиісті түрде басқармағаны үшін айып пұлдар, айып ө с і м д е р д е н т ұ р а д ы .

PA_{t-1} - шартты өлшемнің құнының есебін жасаған күннен бір күн бұрынғы зейнетақы активтерінің құны;

C - ағымдағы міндетті (ерікті) зейнетақы жарналарының сомасы, уақытылы аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары үшін айып өсімдер;

B - ағымдағы зейнетақы төлемдерінің сомасы;

$Trin$ - жинақталған зейнетақы қаражатының Қорға ағымдағы а у д а р ы м д а р ы н ы ң с о м а с ы ;

$Tr out$ - жинақталған зейнетақы қаражатының Қордан ағымдағы а у д а р ы м д а р ы н ы ң с о м а с ы ;

$Rout$ - қате есептелген зейнетақы жарналарының ағымдағы қ а й т а р ы л ы м д а р ы н ы ң с о м а с ы " .

7. "Зейнетақы жарналарынан және инвестициялық кірістерден пайыз түрінде алынатын комиссиялық сыйақылардың есебі" деген 6-бөліммен толықтырылсын.

"Түскен зейнетақы жарналарынан комиссиялық сыйақылар әрбір жарна сомасынан бөлек ұсталынады және Қордың меншікті қаражатын есептеу жөніндегі банкілік шотқа аударылады. Комиссиялық сыйақылардың уақытылы аударылмаған сомалары алушылардың Қор алдындағы міндеттемелері деп 686 " Есептелген шығыстардың басқалары" баланстық шотта есептеледі".

Инвестициялық кірістерден пайыз түрінде алынатын комиссиялық сыйақылар , есептеу әдісі бойынша меншікті қаражатын есептеу жөніндегі Қордың баланстық шоттарында көрсетіледі. Инвестициялық кірістен пайыз түрінде

есептелетін комиссиялық сыйақылар есептелетін меншікті қаражатын есептеу жөніндегі баланстық шоттар қаржылық инвестициялардың өтелуіне немесе іске асырылуына қарай жабылады.

Комиссиялық сыйақылардың аударымдары инвестициялық кірістен пайыз түрінде айына бір рет айдың соңында жүргізіледі, оның сомасы дәйекті алынған инвестициялық кірістен артық емес".

8. Заң бөлімі (Ю.Н. Лысенко) "Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарындағы зейнетақы жарналарының есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 14 қазандағы N 11-Ө бұйрығымен бекітілген, 29.02.2000 жылғы N 14-Ө осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін және оны мемлекеттік тіркеуден кейін күшін қолдануға енгізсін.

Төраға